

методов в образовательный процесс и использованию управленческих механизмов по повышению компетентности педагога.

Прослушанные доклады наглядно характеризуют масштабы, темпы образовательного процесса и вопросы модернизации в условиях МКШ.

Практическая часть круглого стола была представлена уроком русского языка в совмещенных 2-4 классах учителя Александровской МКШ Чичкан Н.Н. и уроком познания мира в 3 классе Айтжановой Г.Л.

Итоги круглого стола были подведены главным специалистом регионального научно-практического центра «Костанайдарыны» управления образования акимата Костанайской области Ержановой С.О.

По результатам круглого стола были выработаны рекомендации для учителей МКШ:

1. Интенсификация индивидуального общения учителя с младшими школьниками.
2. Усиление мотивационного аспекта учебно-воспитательного процесса.
3. Стимулирование активной позиции ученика как субъекта учебной деятельности.
4. Активизация самоорганизации учебного процесса (планирование, дозирование объема школьных и домашних заданий, регулирование ритма работы и отдыха)
5. Обеспечение более прочного усвоения предметных знаний, умений и навыков, формирование на их основе компетенций личности.

Таким образом, прогрессивные нововведения возникают на научной основе и способствуют продвижению практики вперед. В педагогической науке возникло принципиально новое и важное направление – теория новаций и инновационных процессов. Реформы образования представляют собой систему нововведений, направленных на коренное преобразование и улучшение функционирования, развития и саморазвития образовательных учреждений и системы управления ими.

Список литературы:

1. Ахметова Г.К. и др. Педагогика: учебник. – Алматы: Казак университеты. 2006. – 217с.
2. Подласый И.П. Педагогика: новый курс. – М., 2003.
3. Пазухина С.В. Педагогическая успешность: диагностика и развитие профессионального сознания учителя: Уч.пособие - СПб., 2007., 224с
4. Пазухина С.В. Педагогическая успешность: диагностика и развитие профессионального сознания учителя: Уч.пособие - СПб., 2007., 224с

Байжұманова Айгүл Жұмағазықызы

Алматы қаласындағы
химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУШЫ БОЙЫНА ДАРЫТУ

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада автор бүгінгі заман талабына сай білім беру мәселесіне тоқтала келіп, білім саласында жүргізіліп жатқан игі бастамалар жайлы ой қозғайды және білім беру ісінде өз тәжірибесімен бөліседі. Автор жаңа технологияны пайдалана отырып, жас ұрпаққа жан- жақты білім берумен қатар, жеткіншектердің бойына ұлттық құндылықтарды дарыту қажеттігіне баса назар аударады.

Кілт сөздер: *білім саласы, жаңа технологиялар, топтық жұмыс, іс-әрекеттегі зерттеу, ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, сындарлы оқыту, педагогикалық іс- тәжірибе.*

АННОТАЦИЯ

В этой статье автор затрагивает мысль о благородных начинаниях в сфере образования. Она также делится своим опытом применения новых технологий в учебном процессе, акцентируя особое внимание на необходимости привития национальных ценностей подрастающему поколению.

Ключевые слова: сфера образования, новые технологий, групповая работа, исследование действий, национальные ценности, конструктивное обучение, педагогический опыт.

ABSTRACT

In this article, the author touches upon the problems of modern education discussing the initiatives in educational sphere and shares with her teaching experience. The author emphasizes on the need of instilling the national values into young generation through extensive knowledge using modern of new technology.

Keywords: new technologies in the field of education, group work, action research, national values, national education, constructive training, practices.

Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім саласын халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын арттыру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры» деп аталғаны баршамызға белгілі. Сол себепті де бүгінгі таңда ұстаздардан теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан ғанасауатты болуымен шектелмей, сондай-ақ ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуы талап етілуде. Білім беру саласындағы басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы- білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық технологияларды қолдану. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет. Ал сол басты міндетті жүзеге асыратын- білікті мұғалім.

«Білікті мұғалім үшін теориялық және тәжірибелік білімдер өзара тығыз байланыста болуы тән. Сабақта теориялық және тәжірибелік білімдерін қолданған кезде, анықтаушы фактор оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы білімнің қалыптасқандығы болып саналады».[1,30-бет]

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына енуі үшін: білімді де зерделі, жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті ұрпақ керек», - деп айтқан еді «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында.[2] Осы мақсаттарды жүзеге асыруда ауқымды жұмыстар кезегімен жүзеге асуда. Сондай игі істердің бірі де бірегейі - Қазақстанда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ашылуы.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың : «Қазақстанның болашағы жас ұрпақтың қолында, жастардың тағдыры ұстаздардың қолында», - деген қанатты сөзі жастарды жігерлендірсе, ұстаздарға үлкен жауапкершілік артады. Осы жауапкершіліктің жүгін арқалай отырып, жас ұрпақты атамекенді сүйеге, Отанға адал қызмет етуге, тарихымыз мен құндылықтарымызды бағалай білуге тәрбиелеуді назардан тыс қалдырсақ, ұстаздығымызға сын. Бүкіл бір ұлттың тағдырын жас ұрпақтың болашағы арқылы ұстаздарға сеніп тапсырған Елбасының сенімін ақтау үшін Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұстаздар қауымы талмай еңбектенуде.

Аталған мектепеке республиканың түкпір – түкпірінен жоғары деңгейдегі конкурстан өтіп, «жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар» атанған зияткер оқушылар іріктелініп алынды. Ендігі мақсат - сол оқушыларға жан- жақты білім мен тәрбие бере отырып, Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпал ету.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2020 жылға дейінгі даму стратегиясында»: «Функционалды сауатты, патриот, жауапты, көптілді, креативті, және сыни ойлайтын, салауатты өмір салтын ұстанатын, өмір бойы оқуға қабілетті, жетекші қазақстандық және халықаралық университеттерге түсетін оқушыларды қалыптастыруға ықпал ете оқытатын орта жасау», - деп алға нақты мақсат қойылған.[3, 5-бет] Олай болса,

балаға заман талабына сай білім бере отырып, функционалды сауаттылығын арттыруға, сыни ойлауға, алған білімін бүгінгі өмірмен байланыстыра алуға және әлем әдебиетімен салыстыра білуге жетелей отырып, ұлттық тәрбиені де бойына сіңіруіміз керек. Осы бағытта қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде зияткер оқушылармен жұмыс жасап жатқандығым маған үлкен жауапкершілік артады.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев:«Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі», - деген еді кезекті Жолдауында.[4] Осындай ұлы құндылықтардың бірі - ұлттық құндылықтар. Ендеше, Елбасы сенім артқан, ел үміт күткен ұлт болашағына сапалы білім, саналы тәрбие беру – ұстаз міндеті. Сол міндетті абыроймен атқарып, ұлт болашағын тәрбиелеуде өз үлесін қосып жатқан ұстаздар қауымының еңбегі ерен екені даусыз. Осыған байланыстыөзім зерттеуге алған9 – сыныптарда өткізген сабақтарымның кейбір кезеңдері бойынша іс-тәжірибеммен бөліссем деп едім. Мен өз шығармашылығымда көп жағдайда орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген танымал оқыту - Хаттидің (2009ж) «Сындарлы оқыту теориясына» сүйенемін. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.[1, 10-бет]

Оқушыны белсенді оқыту тәсілдері арқылы сабақ үдерісінде көзделген мақсаттарға жетуге жұмылдыра отырып, аса бай мәдениетіміз- ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге ерекше көңіл бөлуге тырысамын. Атап айтқанда, 9-сыныптарда қазақ тілі пәнінен өткен «Фольклор», «Мәдениет және дәстүр», «Өнегелі өмір» тақырыптарында бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарына жетуді басты міндет етіп қоя отырып, оқушы бойына ұлттық тәрбиені қалыптастыруды естен шығарған емеспін. Мысалға, «Фольклор» модулінің «Аңыздар мен мифтер» тарауында «Қанатты барыс» атты мультфильмді тыңдалым дағдысын дамыту мақсатында пайдаландым. Тыңдалымалды тапсырмада: «Осы мультфильмде қазақ халқының қандай керемет қасиеттерін байқай алдыңыздар?» - деп, Мерсердің (2000ж) зерттеушілік әңгіме әдістемесін пайдаландым. Оқушылар тарапынан ақылға қонымды мәліметтер кездесіп қана қойған жоқ, олар өз пікірлерін дәлелдей де алды. Атап айтқанда, «Д» деген оқушым: «Мультфильмнен мен жақсы әсер алдым, өр, өжет, қайсар қазақ ұлтының ұрпағы болғанымға мақтандым. Мен мультфильмді онша жақсы көріп тамашаламайтын едім. Мына туындыдан мен ұлттық рухты сезіндім, әкенің аманатын екі етпеу, жеті атаны білу туралы әсерлі мәліметтер алдым», - десе, «А» деген оқушым бұл мультфильмдегі негізгі символ «бойтұмар» екенін бірден айта алды.

Ал, «Дәстүр және мәдениет» тарауы бойынша өткізген «Мәдениет және ұлттық ойындар» атты сабақта сыныпты ұмтылып бара жатқан ұлттық ойындар атауымен «Сақина тастау», «Кім түртті?», «Тымпи», «Саққұлақ» деп 4 топқа бөлдім. Әр топқа сол ойын атауына байланысты ресурстар таратылды. Топ мүшелері ресурспен танысып алған соң, постер жасап, қорғады, оны екінші топқа түсіндірді және ойнатты.



1-сурет. Топтық жұмыс жасау сәті.



2-сурет. Постер қорғау кезеңі.

Бұл тәсіл оқушыларға өте ұнады. Кері байланыс кезінде осындай ойындарды сергіту сәтінде де пайдалансақ деген оқушы пікірін оқыдым.

9-сыныптың әдебиет сабағында «Қыз Жібек» операсын өткенде алға қойылған оқу мақсатардың бірі - шығармадағы ұлттық құндылықтардың көрінісін терең түсіну болатын. Осы мақсатқа жету үшін үй тапсырмасына «Қыз Жібек» операсынан үзінді көріп, туындыдан олардың қандай ұлттық құндылықтарды байқай алғандығын, алған әсерлерін айтып келу берілді. Келесі сабақта оқушылар жауабы тыңдалған соң, «Қыз Жібек» фильмінің басындағы кадрлардан 5 минуттай үзінді көрсетілді. Тыңдалымалды тапсырмада қазақ халқының қандай салт-дәстүрі, наным-сенімдерін байқай алғандығын түртіп алу стратегиясы арқылы жүзеге асырдым. Оқушылар «шашу», «сүйінші», «қаралық жамылу», «бата», «құрбандық шалу», сияқты салт-дәстүрлерді байқағанын айта алды.

Бағдарламада «Қыз Жібек» операсы берілген, алайда операны түсіну кейбір оқушыларға қиындық тудырғандықтан, «Қыз Жібек» жырын салыстыра оқу тапсырылған еді. Шығарманы талдаған кезде де оқушылардың жырды толық және түсіне оқығандығын тексеру үшін өткізген талқылау сабағында менің тарапымнан мынандай тапсырмалар берілді:

1. Өздері білетін қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүр, наным-сенімдерін тізбектеп немесе топтап жазып шығу туралы тапсырмалар берілді.

2. Әр топтан 1 оқушы жазғандарын оқыды.

3. Осы оқылғандардың ішінде қайсысы «Қыз Жібек» жырында кездеседі?

4. Жырда кездесетін тағы қандай салт-дәстүр немесе наным-сенім қалып қойды?

5. Тақтаға әр топтан 2 оқушыдан шығып, қоржын ішіндегі сұрақтарды алып, сол сұрақтарға жауап берді. Мысалы, «Қоштасу» немесе «Түс жору» деген сөз шықса, оқушы ол ұғым жырдың қай жерінде кездескені, ол кімге қатысты болғаны туралы толық жауап берсе ғана «жетті» деп бағаланды. Жауап толық болмаса, сол топтан шыққан екінші оқушы жауап берді немесе тақтаға шыққан басқа топ мүшелерінен сұралды. Сабақ соңында оқушылар жыр мазмұнын толық түсініп қана қоймай, ондағы салт-дәстүр, наным-сенімдерді таба білді. Ең бастысы, сыни көзқараспен талдай отырып, сабақ соңында ескірген, тозығы жеткен деген салт-дәстүрлерді «Қоқыс жәшігіне», әлі де ойлану керек деп шешкен дәстүрлерді «Ет тартқыш машинаға», сақтап қалып, дамыту керек дегендерді «Чемоданға» салып, өз ойларын топ болып дәлелдеді. Осы сабақтарда оқушылар тиісті ақпараттарды жинады, дәлелдерді сын тұрғысынан талдады, бағалады, алынған қорытындыларды сұрыптады. Менің пайымдауымша, оқушыны ойландыра отырып, өз пікірін айтуға, оны қорғап, дәлелдей білуге мүмкіндік беру жас жеткіншектерді шабыттандырады және оқыту табысты болады.

Сондай-ақ, әйгілі педагог Шульманның мұғалім бойындағы «үш көмекші» (2007ж) деп атаған қасиеттері болғанда ғана оқыту табысты болатынына көзім жетіп отыр. Құзырлы мұғалім оқушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. [1,12-бет]

Мақаламды жоғарыда айтылған ой-пікірлерімді жинақтай келе, Елбасымыздың жаңа Жолдауындағы ұлағатты сөзімен қорытындылағым келеді: «Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда». Олай болса, жарқын болашақтың нәтижесін көру үшін қазіргі мұғалімдерге талмай жұмыс жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей. Екінші басылым. www.cpm.kz

2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070002007>

3. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы

4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму»
<http://www.akorda.kz>